




ИНТЕРНЕТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Онлайн агрессия психологиясы





Интернет адамдардың өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Ол бір уақытта әрі ақпарат ортасы, әрі байланыс ортасы болып табылады. Сонымен қатар, ол бизнес-қызметтер де ұсынады: билеттерге тапсырыс беруге, әртүрлі заттарды сатып алуға, бір шоттан екіншісіне ақша аударуға, коммуналдық төлемдер жүргізуге және т.с.с. мүмкіндік береді.

Интернет – коммуникациялардың ерекшеліктерінің бірі қолданушыларға саясатқа, спортқа, мәдениетке қатысты әртүрлі сұрақтарға байланысты өз ойларын айтуға, бір-бірімен әлеуметтік желілерде араласуға, форумдарда пікірталас жүргізуге мүмкіндік беретіндігі болып табылады. Сонымен қатар, көп жағдайда мұндай қарым-қатынасты қатысушылар өз атынан емес, жалған «ник» атынан жүргізеді. Осылайша қатысушы анонимді болып қалады, бұл оның сезімі мен өз сөзіне жауапкершілігіне әсер етеді. Бұл сауатсыздыққа да, агрессияға да, басқа да теріс әсерлерге алып келеді.

Интернет – жаңа орта екендігін айта кетейік. Адам психикасы мен адам тәртібіне тигізетін әсерлерге қатысты зерттеулер аз. Сондықтан осы ортаның адам психикасы мен адам тәртібіне әсер етуінің әртүрлі қырларын зерттеу өзекті болып табылады. Интернет-ортаның теріс факторларын, соның ішінде Интернет-коммуникацияда байқалатын, сондай-ақ, адамдардың тәртібіне басқа араласу басқа тәсілдер мен әдістер арқылы әсер ететін агрессияшылдықты зерттеу маңызды.

Агрессияшылдық деструктивті тәртіп түрі деп бағаланады. Адам агрессияшылдығы тәртіптік реакция болып табылады. Ол тұлғаға немесе қоғамға зиян немесе шығын тигізу мақсатында күш көрсетумен сипатталады.

Бендер агрессия ретінде өзін-өзі танытуға белсенділік, ұмтылысты түсінсе, Дельгадо агрессия – жаугерлік, шабуыл, бұзу актілері, яғни басқа адамға немесе нысанға зиян келтіретін әрекеттер дейді... Уилсон агрессияны бір адамның басқа адамның еркіндігін немесе генетикалық икемділігін кемітетін физикалық әрекеті немесе қатері деп түсіндіреді. Фромм агрессияны ауқымды түрде – тек адам мен жануарға ғана емес, сонымен қатар, кез келген тіршілік иесіне зиян тигізу деп анықтайды. Змановская агрессияны басқа адамдарды өзіне бағынышты етіп, оларды басқару мақсатындағы кез келген тәртіпте немесе тіпті қиялда көрініс табатын кез келген тенденция (ұмтылыс) деп атайды.

Кей мамандар агрессияшылдықты өзін қауіпті сыртқы әлемде сақтауға бағытталған қорғаныс реакциясы ретінде қарастырады. «Агрессияны анықтау тәсілдері мен оның түсіндірмелері мен мағыналары көп болса да, бұл терминнің белгілі бір өзегі бар, тұрақты «негізгі» мағынасы – арандатушы шабуыл».

Агрессия көптеген әрекеттер арқылы көрініс табуы: ұнатпаушылықты білдіруден тіл тигізетін сөздер мен қарсы пікір білдірушілерге физикалық күш көрсетуге дейін баруы мүмкін. Агрессияның әртүрлі негіздер бойынша бірнеше жіктелмелері бар: қарқындылық дәрежесі бойынша, көріну түрі бойынша, сонымен қатар, құралдық және мақсатты агрессия да бар.

Құралдық агрессияны қалаған мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізу үшін пайдаланады. Мақсатты агрессия ретінде мақсаты басқа адамға немесе нысанға зиян немесе шығын тигізу ретінде алдын ала анықталатын, алдын ала жоспарланған акция ретінде түсіндіріледі. Интернеттің құралдық та, мақсатты да агрессия үшін қолданыла алатындығын айта кету керек.

Агрессия жағдаяттық және тұлғалық, тұрақты және тұрақсыз түрде көрініс табады. Агрессияны сондай-ақ екі түрге бөледі: басқаларға бағытталған және өзіңізге бағытталған. Интернет желісінде екі түрдің кездесетіндігін, алайда басқаларға бағытталған агрессияның жиі кездесетіндігін айта кету керек. Аутоагрессия негізінен жалпыға ашық көрсетілетін күнделік жазбалары арқылы көрініс табады.

Агрессиялық әрекеттердің бірнеше түрі болуы мүмкін. Бұл – балалардың тентектіктері, ойындар және жасөспірімдердің төбелесі, шиеленестері. Осылардың қатарына ересектер арасындағы қақтығыстар – соғыстар, кісі өлтіру, тіл тигізу, зорлау, күш көрсету және терроризм де жатады.

Роджер Баркер және Курт Левин сынақ жүргізген. Олар екіге бөлінген балалар тобына сым темірлі экран артында тұрғандықтан жете алмайтын ойыншықтарға толы бөлмені көрсеткен. Зерттеушілер бір топ үшін экранды бірден ашқан кезде балалар ойыншықтарға жүгіре жөнелген. Басқаларына олардың күтуі керектігі жайлы айтқан. Экран соңында ашылған кезде көңілі қалған балалардың көпшілігі ойыншықтарды лақтырып, оларды сындырған.



Көңіл қалушылық бізді өз мақсатымызға өте жақын болған кезде агрессиялық жауап беруге итермелейді. Мысалы, театр билеттерін сатып алу кезінде немесе азық-түлік дүкенінде өз кезегін күтіп тұрған адамдарды зерттеу де осындай нәтижелерге алып келді.

Сондай-ақ спортта жеңіске жақын болған, бірақ екінші орын алған қатысушылар да нәтижеге агрессиямен жауап берген.

Тұлға құрылымымен байланысты агрессияшылдық ол тұлғаға әрдайым тән болады, сондықтан да берілген адам өмірінің кез келген саласында көрініс табады, яғни Интернет әлеуетін пайдалану кезінде агрессия білдіру субъект тұлғасының құрылымымен аса байланысты емес. Интернет жай ғана агрессияны білдірудің белгілі бір мүмкіндіктерін ұсынады.

Соңғы жиырма жыл ішінде Интернет біздің өміріміздің теледидар, тоңазытқыш немесе ұялы телефон сияқты ажырамас бөлігіне айналды. Сонымен қатар, көптеген ұялы байланыс құралдары Интернетке шығып, желінің толыққанды қолданушысы болуға мүмкіндік береді, яғни адамда тек қандай да бір жаңалықтарды білу ғана емес, сонымен қатар, оларға қатысты өз пікірін білдіру мүмкіндігі бар. Адам кері байланыс механизмдері арқылы өзінің сол сәттегі көңіл күйін көрсете алады.

Егер қоғамда саяси, рухани, құқықтық, этикалық, діни, этникалық және басқа да күштер арасында қандай да бір тепе-теңдік болса, Интернетте мұндай теңдіктің жоқ екендігін айта кету керек. Желіде мәдени қабаттардың қатынасты қалай орнату керектігі жайлы көріністеріне әрдайым сай келе бермейтін өзіндік байланыс стилі қалыптасты.

Желідегі коммуникацияның ерекшелігі – қарым-қатынас жазбаша немесе вербальды түрде жүргізіледі, кей кезде мәтінге сурет қосылады. Интернет форумдар, пікірлердегі қате агрессиялық тұжырымдар мәселесі анық байқалады. Өкінішке орай, ол Интернет феноменімен байланысты жалғыз мәселе емес. Ортаның агрессияға қор ұсынатындығына назар аударылады.

Интернеттің тағы бір мүмкіндігі әдетте қылмыстық сипатқа ие агрессиялық әрекеттерді жасау мақсатында агрессиялық топтардың байланыс жасауы болып табылады.

Зерттеушілердің жұмыстарына талдау жүргізу ортаның осы мазмұндағы компьютерлік ойындар, яғни адамның ойын барысында өзін агрессиялы ұстауына бағытталатын агрессияға ынталандырушылардың таралуына желінің өзі әсер ететіндігіне қатысты көптеген маңызды ғылыми зерттеулер табуға мүмкіндік бермеді. Психологтар мұндай ойындардың екі жақсы әсері бар екендігін айтады. Бір жағынан, олар шынайы агрессияшылдықты виртуалды өріске ауыстыра отырып, оны алып тастауға жағдай жасайды. Екінші жағынан, аталған виртуалды өрісте агрессиялық тәртіпке рұқсат берушілік және тіпті оның ең шекті түрін қолдау сияқты стереотип қалыптасады.

Интернет-ортаның маңызды ерекшелігі оның физикалық агрессияға жол бермейтіндігі болып табылады. Бұл коммуникациялық орта, сондықтан агрессияның негізгі көріністері вербальды түрде көрініс табады. Әлеуметтік желілерге салынатын агрессиялық әрекеттердің аудио-визуалды көрінісі танымал болып келеді. Интернет физикалық агрессиялық акцияларды ұйымдастыру құралы болуы мүмкін.

Көптеген ашулы және әдепсіз пікірлердің авторлары – бұл тек мақала тақырыбы ғана емес, өзінің «фе» сөзін кез келген іске айту мүмкіндігі қызықтыратын дәлелденбеген агрессорлар.

Негізгі себеп – негізгі өмірлік құндылықтардың өзгеруі, өзін кез келген жолмен танытуға ұмтылу. Сонымен қатар, өз ойын білдіру ретінде шығармашылыққа ұмтылу мен өзін-өзі шектеу, басқаларға құрмет көрсету қажеттілігінің түсінік қоры ретінде мәдениет мүлдем болмайды. Сондықтан өз ойын білдіру үшін бұзықтық қолданылады, ал қарым-қатынас жасауға ұмтылу бұзақылық, ұрлық, қарақшылық беделді әрекеттер дәрежесіне көтерілетін жартылай қылмыстық немесе қылмыстық ортаға алып келеді.

Мұның Интернеттегі агрессияға қандай қатысы бар? Бар, тіпті көптеген қатысы бар.

Біріншіден, жоғарыда айтылғандай, Интернет дәл осы қылмыстық құндылықтар қозғалысына керемет мүмкіндіктер береді, яғни қылмыстық топтар ішінде және олардың арасында байланыс орнатуды қамтамасыз етеді.

Екіншіден, бұл орта өз «батырлығыңыздың» «заттай дәлелдерін»: ұялы телефонға түсірілген қатігездік пен агрессия көріністерін көрсетуге мүмкіндік береді. Белгілі болғанындай, көп жағдайда мұндай жазбаларды әлеуметтік желілерге оқушылар салып жатады.



Сондай-ақ, желіге жапа шегушілерді ұру, зорлық көріністері және басқаларды кемсітуі бар бейнероликтерді жүктеу сәнге айналды. Интернет агрессия мен қатігездікті тарату ортасына айналды.

Үшіншіден, агрессия мен қылмыстық істерге бейім жасөспірімдердің көбісі жастардың қандай да бір субмәдениетіне мүше болады. Интернет аталған субмәдениет өкілдерінің байланыс ортасы ғана емес, олардың көпшілігінің қайнар көзі болып табылады.

Әлеуметтік зерттеулер жастардың бейресми субмәдениетіндегі жаңа құбылыс компьютерлік геймерлер мен хакерлер (8%) екендігін көрсетті. Интернет-сауалнама барысында жасөспірімдердің жартысынан көбісі (57%) қызығушылықтары бойынша әртүрлі желілік қауымдастықтарға мүше екендігін айтқан.

Әлеуметтанушылар, педагогтар, ана-аналар БАҚ-на, ең алдымен қылмыстық сипаттағы ақпаратпен танысуға және еш тосқауылсыз жүктеуге мүмкіндік беретін желілік ресурстарға дәлелді шағымдар келтіреді. «Психологтар жасөспірімдердің қатігездігінің өршу себептеріне «агрессивті әсерден» басқа киноэкрандағы қатігез фильмдер мен компьютерлік ойындар өрбитін монитордағы тұрақты зорлық-зомбылық пен қанды қосады».

Дәрекілік пен агрессивті пікірлерге келетін болсақ, олар, мысал ретінде негізінен форумдар мен жаңалық және спорттық порталдардағы пікірлерде көптеп кездеседі.

Виртуалды әлем өзінің анонимділігімен бірге өз тасымалдағыштарында тығырыққа тірелген индивидтің қарапайым қырлары – атаққұмарлық пен ұзақ мерзімді алаңдаушылыққа бейімділікті, әсіресе ренішті қалыптастырмайды.

Тікелей жаугерлік реніш пен жеке мақсаттарыңызға жетуге бөгет жасағандарды жазалауға дайындықтың нәтижесі ретінде интернет-мәдениетті қолданушыға тән емес. Алайда өз бойында зорлық пен құрылымсыздықты қамтитын тәртіп мінезі осындай адамның бойында Мен шегарасын анықтау және ынталандыруды қалыптастыру кезінде туындайтын қиыншылықтар негізінде дамуы мүмкін.

Кей мағынасында интернет-орта өз «тұрғындарының» бойына бұлыңғыр және нашар құрылымданған «жасөспірімдік» Мен бейнесін бұзылудан сақтайды, бұл өз кезегінде «жасөспірімдік» агрессияның іске қосылуына негіз болуы мүмкін.

Интернет-ортаның қоғамға әсер ету мәселесі заманауи әлемнің ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Өте қысқа уақыт ішінде аталған «виртуалды қарым-қатынас» ортасы адам өмірінің қажетті бөлігіне айналды. Интернетте анонимділік, қолжетімділік, желіге орналастырудың ауқымды мүмкіндіктері, вербальды тұжырымдар және аудиовизуалды бейнелер сияқты жеке мәдениет қалыптасты.

Дәл осы уақытта Интернет – орта агрессияға физикалық түрде жауап бермейді және қарсы пікір білдірушілерге физикалық күш көрсетуге мүмкіндік бермейді.

Өмір қарқынының өсуі, материалдық деңгей, адамдардың мәдениет деңгейінің жалпы төмендеуі және заманауи өмірдің басқа да ерекшеліктері агрессияшылдықтың жалпы өсуіне алып келеді. Бірінші кезекте – жастар ортасындағы агрессияшылдық. Сондай-ақ Интернет агрессияшылдық сәніне сай болуды көрсету құралына айналуға, бұл өз кезегінде осы сәнді қууға одан әрі итермелейді.

Моральдың, адамгершіліктің және мәдениеттің бірқатар сүзгілері адамның пікірін шектейтіндіктен, ал дұшпандық, агрессивтік тәртіп қоғамға сәтті әлеуметтік бейімделуге кедергі келтіретіндіктен, шынайы кеңістікте абсолюттік, толық сөз еркіндігі мүмкін болса, виртуалды әлемде мүлдем басқа ережелер үстемдік етеді. Анонимділік кибер қарым-қатынас ерекшеліктерінің бірі ретінде өзара байланысу әдептерінің рұқсат етілген шектерін өшіреді: дәрекілік, мейірімсіздік, тіл тигізу, улы сөздер кей Интернет-парақшалар үшін қалыпты жағдайға айналуға.

Ересек адам өзінің тұлғалық, зияткерлік және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кибер-агрессияға қарсы тұра алса, ең әлсіздері Интернет желісінің кішкентай қолданушылары – балалар болып табылады.

Киберқауіпсіздік нарығында Интернет желісін қолдану кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін көптеген ұсыныстар бар. Мысалы, психикалық денсаулыққа зиян тигізуі мүмкін нақты сайттарға кіруді бұғаттау: мысалы, порнографиялық мазмұндағы сайттар, зорлық пен қатігездікті, нәсілдік жеккөрушілікті насихаттайтын сайттар, есірткі қабылдау



мәдениетіне тәрбиелейтін сайттар және т.б.; кей бағдарламалар тек білім беру порталдарына ғана кіруге рұқсат беріп, желідегі «серфингті» шектейді.

Алайда кез келген бала өзінің кибер-қауіпсіздігіне сенімді бола алмайды, тіпті, кейде оның психикалық денсаулығына келетін мүмкін болатын қатерлер жайлы білмеуі де мүмкін. Кішкентай қолданушылардың әрқайсысы интернет-алаяқтық пен кибер-қорқыту әрекеттерімен бетпе-бет келіп, боттар жіберетін зиянды бағдарламалар әрекеттерінің құрбанына айналуы мүмкін. А.А. Смирновтың пікірінше «бала үшін қатер төндіретін әлеуметтік салдарларына сәйкес ең қауіпті кибер-қатерлердің бірі Интернеттегі виртуалды араласудың жыныстық тиіспеушілігіне қатысты қылмыстар». Әдетте педофил әлеуметтік желіге ойдан құрастырылған, ережеге сай, жасөспірім немесе бала атынан тіркеледі, әлеуетті құрбанның сеніміне кіріп, онымен виртуалды араласады. Көп жағдайда балалар мен жасөспірімдер өздерінің виртуалды өмірлерінің сырларын ата-аналарына айтпайды, ал ата-аналар мұндай араласудың мүмкін болатын қауіптері жайлы ойламайды да. Төтенше жағдайда өз құрбанының жоғары деңгейлі сеніміне кірген соң педофил жеке кездесу жайлы келіседі.

Әлеуметтік-психологиялық сияқты кибер-агрессияны көптеген авторлар ауытқу деп қарастырады және оның көптеген түрлері бар, негізгілері – троллинг, кибербуллинг және астротурфинг болып табылады.

«Троллинг» термині ғылыми ортада емес, виртуалды қарым-қатынас қатысушылары арасында пайда болған. Ағылшын тілінен аударғанда «троллинг» – «жылтырауық қармақпен аулау» дегенді білдіреді және дәл осы терминді таңдау, бәлкім, виртуалды арандатушылық қызметтің манипулятивті астарында жатқан болар. Сондай-ақ, зерттеу феноменін белгілеудің пайда болуының басқа да көзқарастары бар: славяндық-герман аңызнамасында тролльдар – бұл барлығына зиян келтіруді шынайы қалайтын жауыз, жағымсыз, керіксіз жаратылыс, ал «тролльдар» өздерінің виртуалды қызметінде кибер-коммуникация қатысушыларына кем дегенде эмоционалдық залал келтіреді. Бұл сөздердің үндестігі арқасында берілген түсініктер тұрақты және сенімді түрде орныққан, аталған феноменге басқа атау беруге тырысса да, ол әрекеттер қолдау тапқан жоқ.

И.В. Ксенофоновтың пікірінше «троллинг – Интернет қолданушылардың ресми қарым-қатынас форумдарына кикілжің туғызу мақсатында тіл тигізу мазмұнындағы сөздер жиі кездесетін арандатушылық хабарламаларды жазу». В.А. Внебрачных берілген феноменді «Виртуалды коммуникативтік ресурстарға кикілжің туғызу мақсатында Интернет-араласудың этикалық кодексінің ережелерін бұзу арқылы арандатушылық хабарламаларды орналастыру процесі» ретінде сипаттайды. Джудит Донат троллингті «тұлғаны боямалау ойыны және бұл жайлы ойыншыдан басқа ешкім білмейді» деп түсіндіреді. О. Чванованың троллинг – бұл «энергетикалық қансорғыштық» деген пікірі бар. Берілген жағдайда тролль өз «құрбанының» тәртібіне арналған арнайы шарттар құра келе одан белгілі бір эмоциялық жауап қату алады. Тролль қажетті эмоциялық жауапты өзінің кибер-агрессия нысанының теріс аффективтік ашуын бақылаудан алатын «қаныпезерлік дағдыларын» қанағаттандыру үшін пайдаланады.

Троллинг мәселесіне қатысты заманауи зерттелерді талдау бізге берілген феноменнің келесі ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Біріншіден, троллинг әрқашан агрессор тарапынан манипулятивтік тәртіп құраушысын қамтиды. Екіншіден, троллингтің мақсаты – агрессия нысаны, яғни құрбан тарапынан қарсы, әдетте негативтік жауап беруді алу. Үшіншіден, троллинг процесінен рақаттану. Төртіншіден, бұл агрессивтік тәртіп түрі тек виртуалды кеңістікте ғана көрініс табады, бұл агрессор мен құрбан арасында физикалық және визуалдық араласудың жоқтығын білдіреді.

Қазіргі таңда троллинг әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде тұтас виртуалды коммуникацияға теріс әсер етеді деп сенімді түрде айтуға болады. Себебі Интернет желісінің әр қолданушысы желілік агрессор шабуылдарымен кездесуі мүмкін. Троллинг агрессивтік басқару бола отырып, бірнеше қолданушыдан тұтас қауымдастықтарға дейінгі нақты бір аудиторияның кері негативтік әсерін тудыруды мақсат тұтады. Тролльдің арандатушылық әрекеттеріне физикалық жауап қайтарудың мүмкін еместігі, «кек қайтара алмау» қабілеті «құрбандардың» психоэмоционалдық тұрақсыздықтарының себебі болуы мүмкін. Берілген жағдайда ең қауіптісі тролль «құрбанының» ашуы мен наразылығын шынайы адамдарға аудару мүмкіндігі болып табылады, бұл виртуалдыдан тыс өмірдегі тұлғааралық байланысты жанжалдар, ұрыстар және т.с.с. түрінде бұзады.



Кибер-агрессияның келесі түрі – бұл интернет форумдарда күрделі бағдарламалық жабдықтаманы пайдаланатын **астротурфинг** (боттар, көптеген жалған аккаунттар, жасырын жарнама сипатында кірістірілген баннерлер және т.с.с.). Астротурфинг – бұл өз пайдасына шешілетін жасанды, мәжбүрлейтін «қоғамдық пікірді» құру мақсатында виртуалды аудиторияның пікіріне жүйеленген, ұйымдастырылған әсер ету. Астротурфингтің мақсаттары әртүрлі: саяси, экономикалық, идеологиялық, тіпті, радикалдық, қоғамға зиянды болуы мүмкін (мысалы, нәсілшілдік, зорлық идеяларын насихаттау, есірткі құралдарын қабылдау мәдениетін қалыптастыру және т.б.). Қазіргі таңда астротурфинг – бұл жанданып келе жатқан бизнес.

Кибер-агрессияның тағы бір түрі **кибербуллинг** болып табылады (бір адамның немесе адамдар тобының электронды байланыс түрлерін пайдалану арқылы бірнеше рет және ұзақ уақыт бойы өзін жеңіл қорғай алмайтын құрбанға қатысты агрессивтік, ойластырылған әрекеті). Кибербуллинг (ағылшын тілінен bull – бұқа, «мазақтау, тиісу, қинау» сөздеріне жақын) – виртуалдық террор түрі, бірақ агрессия жасырын арандатушылықтардан ашық тіл тигізуге дейін баратын троллингтен берілген феномен анық байқалатын антиәлеуметтік, зорлық әрекеттерімен ерекшеленеді: бопсалау, физикалық және психологиялық қауіпсіздік қатерлері, жеке мәліметтердің, басылымдардың ұрлануы және т.с.с. Берілген құбылыс интернет-агрессия саласындағы көптеген шетелдік және отандық зерттеушілердің жіті назарында. Себебі тұлға қауіпсіздігі үшін апатты салдарларға ие.

Кибербуллинг Интернет желісі қолданушыларының психикалық, эмоционалдық және тіпті физикалық денсаулығына қауіп төндіретін мәселеге айналуға, оның салдарлары шынайы өмірдегі әлеуметтік байланыстардан қашу, оқушылардың академиялық оқу үлгерімінің төмендеуінен тамақтану тәртібінің бұзылуы, күйзелістік жағдайлар мен тіпті, суицидальдық ойлардың пайда болуына дейін апаруы мүмкін. Ережеге сай, кибербуллинг жасөспірімдер мен жастардың Интернет-ортасында таралған және кибер-кеңістіктің ересек қолданушыларына тән емес, сонымен қатар, бастамашылар да, құрбандар да тең дәрежеде жасөспірімдер болып табылады.

Кибер-агрессия түрлерінің көптігі, олардың виртуалдық қоғамға қауіптілік деңгейі Интернет-агрессорлар ұстанатын мақсаттарға, олардың себептері мен ұстанымдарына, сондай-ақ, анонимділік пен жауапқа тартылмау сезімі сияқты факторларға негізделеді. Мен кибер-агрессия тамырларының шынайы өмірдегі әумесерлікпен байланысты екендігіне сенімдімін.

Әлеуметтік желілердегі адамдардың байланыс ерекшелігін ескеретін болсақ, агрессивтік тұлғаны зерттеудің сәйкес психодиагностикашы құрал, сонымен қатар, кибер-агрессияны түзету мен оның алдын алудың тиімді әдістерін құруды қамтитын жаңа тәсілі қажет.

Интернет-ортада компьютерлік ойындар, төбелес, кісі өлтіру, агрессияның басқа түрлерінің көрсету сияқты агрессияшылдықтың пайда болуы мен дамуына өзіндік үлес қосуда. Сонымен қатар, Интернеттің байланыс құралы ретінде агрессивтік, соның ішінде қылмыстық әрекеттер дайындауға, оларды ұйымдастыру бойынша нұсқаулық материалдар алуға мүмкіндік беретіндігін де айта кету керек.

Қазіргі таңда мемлекеттік органдар да, қоғамдық ұйымдар да, сондай-ақ көптеген жеке тұлғаларды да Интернеттегі агрессия деңгейі, сонымен қатар, мұндай агрессияның физикалық түрге ауысу мүмкіндігі алаңдатады. Алайда нормативтік құжаттар, әлеуметтанушылар мен психологтардың нұсқаулықтары әзірге қажетті әсер бере қойған жоқ. Мәселе ортаның ішкі қарама-қайшылығында жатқан сияқты. Осы себепті Интернет-мәдениеттің кенеттен пайда болмай, басқарылатын процесс болуы өте маңызды болып табылады. Бірақ бұл проблема өз шешімінен өте алыста. Бұл проблеманы шешуге адамзат әлі кіріскен де жоқ, оның бар екендігін және аталған мәселенің маңыздылығын тек жақында ғана түсінді деп айтуға да болады.